

2026 жылғы 17 сәуірде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің конференц-залында «Бизнес және цифрлық технологиялар» институтының түлектеріне арналған «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі» өтті. Іс-шараға бакалавриаттың келесі білім беру бағдарламалары бойынша: «Қазіргі бизнес экономикасы», «Бизнес басқару және кәсіпкерлік», «Бухгалтерлік есеп, аудит және салықтық консалтинг», «Қаржылық аналітика», «Digital marketing», «Бағдарламалық инженерия», «Цифрлық агрожүйелер мен кешендер», «Бизнес-информатика», «Компьютерлік инженерия» білім алушылар шақырылды.

Жәрмеңкеге Қазақстан Республикасының өндірістік ұйымдарының басшылары мен өкілдері шақырылды, оның ішінде мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер бар. Атап айтқанда: «Астана жастары» КММ «МРЦ», Астана қаласы әкімдігінің Еңбек мобильдігі орталығы, "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ, ҚР ҰҚК Шекара қызметі, «Отбасы банк» АҚ «ЖССБ», «Халық банк» АҚ, "Astana Construction Business Group" ЖШС, "Sergek Group" АҚ, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Талдау және ақпарат орталығы" РМҚ, "Агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық саясаттың талдау орталығы" ЖШС, "Birlik Service" басқарушы компаниясы, "КазМетКор" ЖШС, «BIO NORD» ЖШС, "KEGOC" АҚ "Ақмола ЖЭТ", «Joltar» ЖШС, "Коммерцияландыру кеңсесі" ЖШС, ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі РММ, Астана қаласы Сарыарқа ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Астана қаласы бойынша департаменті, "ИнфоСофтПром" ЖШС, "1С Батыр" ЖШС, "Ainur Accounting Financial services" ЖШС, Астана қаласы бойынша ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаменті, "BI GROUP" ЖШС, "BI SERVIS" ЖШС, "DEV TOP TECHNOLOGY" ЖШС, "Clobal green hub" ЖШС, "PLATONUS" ААЖ,

Ұйымдардың басшылары мен өкілдері өз мекемелері туралы баяндап, талаптар мен еңбек жағдайларын жан-жақты түсіндіріп, орташа жалақы деңгейі мен ұсынылатын әлеуметтік пакеттер туралы ақпарат берді. Сонымен қатар, іс-шара барысында жұмыс берушілер мен студенттер арасында жеке сұхбаттар өткізіліп, түлектердің түйіндемелері қарастырылды.

Сондай-ақ, жұмыс берушілер бос жұмыс орындарының саны туралы мәлімет ұсынып, оқу аяқталғаннан кейін түлектермен келісім шарт жасасу мүмкіндіктерін талқылады.

Сонымен қатар, іс-шарада білім алушылар өздерін қызықтырған бос жұмыс орындары туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік алды, ал әлеуетті жұмыс берушілер жас мамандарды жұмысқа тартуға жағдай жасады.

